



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы 18 мамырдағы

Павлодар қаласы

№ 1-03/у.д.1.

город Павлодар

**«Ел қамын жеген Едіге би» қалалық
кезеңін өткізу туралы**

«Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының
05.05.2023ж. № 3-06-91 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 23 мамыр күні сағат 10:00-де 7-11 сынып оқушылары
арасында «Ел қамын жеген Едіге би» қалалық кезеңі (бұдан әрі – Оқулар)
Павлодар қаласының №7 жалпы білім беру мектебінде өткізілсін.

2. Оқулардың ұйымдастыру комитетінің құрамы (1-қосымша), қалалық
кезеңінің қазылар алқасы мүшелерінің тізімі (2-қосымша) бекітілсін.

3. Мектеп директорлары Оқуларға қатысушылардың уақытымен келіп -
қайтуын қамтамасыз етсін, жол жүру барысында балалардың денсаулығы мен
өмірінің қауіпсіздігін топ жетекшісіне жүктелуін қарастырсын.

4. Павлодар қаласының №7 жалпы орта білім беру мектебі
(М.Б. Асаинов) Оқулардың өткізілуіне қолайлы жағдай жасасын.

5. «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын
дамыту орталығы (А.Л. Мухаметжанова) Оқулардың ұйымдастыру құжаттарын,
өткізу барысын ұйымдастырсын.

6. Қазылар алқасы мүшелеріне жұмыс уақытының табеліне сәйкес төлемақы
жүргізілсін (А.Л. Мухаметжанова).

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі басшысының
орынбасары Ж. Асаиноваға жүктелсін.

Бөлім басшысының
міндетін атқарушы

Қ. Қыдралин



Қ. Қыдралин